

"Алтыналмас" ұлттық акционерлік компаниясының мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 1 маусым N 446. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.05.17. N 704 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтыналмас" Ұлттық акционерлік компаниясы туралы" 1993 жылғы 21 қаңтардағы N 1086 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Алтыналмас" Ұлттық акционерлік компаниясы (бұдан әрі - "Алтыналмас" ҰАК-сы) бағалы металдары, асыл тастарды және олардан жасалған бұйымдарды алу, ұқсату мен өндіру мәселелерінде мемлекеттің өкілі болады деп белгіленсін.
2. Экономика министрлігі 1993-1997 жылдарға арналған "Қазақстан алтыны" Ұлттық бағдарламасының жобасын белгіленген тәртіппен және мерзімінде қарап, Экономикалық өзгерістердің ұлттық кеңесіне ұсынсын.

3. "Алтыналмас" Ұлттық акционерлік компаниясында:

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен бірге мемлекеттің қажеттілігін қанағаттандыру үшін бағалы металдар мен асыл тастар өндірудің көлемін айқындау және оларды әрбір күнтізбелік жылы шығаруды ұлғайту жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен бірге бағалы металдар мен асыл тастарды өндірудің жыл сайынғы жоспарлы және орындалуының жиынтық баланстарын жасау;

меншік нысандары мен қызмет түріне қарамастан барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін бағалы металдар және асыл тастардың сынықтары мен қалдықтары құрылымының нормативтерін белгілеу жөніндегі әзірлеуші функциялары, сондай-ақ оларды жинау мен ұқсату жөніндегі тапсырмаларды, қорғаныс кешенін қосқанда, кәсіпкерлік қызметтің барлық субъектілеріне дейін жеткізуге қатысу;

компанияның құрылтайшыларымен бірге бағалы металдарды, асыл тастарды өндіру мен ұқсату, металлургиялық, тазарту, зергерлік өндірістер бойынша қуаттар жасау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру мен жүзеге асыру, сондай-ақ өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдерді (сым, прокат, дәнекерлер, қорытпалар, тұздар және т.б.) шығару;

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің Мемлекеттік қазына қоймасына бағалы металдарды, асыл тастарды және солардың жоғары

көркемдікпен жасалған бұйымдарын тапсыру;

сынықтар мен қалдықтарды қосқанда, ішінде алтыны бар шикізат экспортына лицензияларды келісу, республикадан тысқары жерлерде "берме" шарттарымен ұқсатылған шикізаттың ішінде бар бағалы металдарды қайтаруды қамтамасыз ету;

Қазақстан кәсіпорындарының шикізаты мен аралық өнімдерінің барлық түрлерінің ішінде бар бағалы металдарға, асыл тастарға, ішкі есеп айырысу бағаларын әзірлеу мен белгілеу;

"Алтыналмас" ҰАК-на кіретін кәсіпорындарда, мекемелер мен ұйымдарда бағалы металдардың, асыл тастардың сақталуы мен пайдалануына бақылау жасауды ұйымдастыру жүктелсін.

4. Үкіметтің шешімі бойынша кезекті жылға белгіленген бағалы металдарды өндірудің өсімін қамтамасыз еткен және компания Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Мемлекеттік қазына қоймасына оларды тапсыру жөніндегі шарттық міндеттемелерін орындаған жағдайда "Алтыналмас" ҰАК-на алтынды қоспаларды, катодты алтынды, қайталама бағалы металдарды зергерлік бұйымдар жасау мен өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдерді шығару үшін пайдалануға рұқсат етілсін.

Қазақстан Республикасының Сауда министрлігімен бірге халыққа зергерлік бұйымдарды сату үшін мамандандырылған мемлекеттік бөлшек сауда кәсіпорындарын, фирмалық дүкендерін ұйымдастырсын.

5. "Алтыналмас" ҰАК-сы Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жанындағы Шетелдік инвестициялар жөніндегі Ұлттық агенттіктің келісімі бойынша республиканың алтын өндіру саласын инвестициялауға шетелдік капиталдың қатысуы жөніндегі контрактілерге, бағалы металдар, асыл тастар және солардан бұйымдар жасау жөніндегі шетел фирмаларымен бірлескен кәсіпорындар құрудың шарттарына, келісімдеріне қол қоятын болып белгіленсін.

6. Экономика министрлігі, Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі, "Алтыналмас" ҰАК-сы Қазақстан Республикасының Ұлттық банкімен бірге бағалы металдарды (сынықтар мен қалдықтардың жиналуын және ұқсатылуын қосқанда), асыл тастарды алумен, ұқсатумен, өндірумен, өңдеумен, өткізумен байланысты қызметті, олармен өзге де операцияларды жүргізуді лицензиялау туралы Ережені дайындап, белгіленген тәртіппен бекіту үшін бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізетін болсын.

7. "Алтыналмас" ҰАК-сы Мемлекеттік мүлік жөніндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік комитетімен бірге оның құрамына кіретін кәсіпорындар мен ұйымдарды мемлекеттік қатысудың әр түрлі деңгейіндегі акционерлік қоғамдарға айналдыру процесіне қатысатын болып белгіленсін.

8. Оның негізінде жарқырауық тас шикізатын, зергерлік алмастарды барлау, алу мен ұқсату және аса сәнді әрі көркемділігі құнды бұйымдарды шығару жөніндегі Қазақстан Республикасының мамандандырылған кәсіпорнын құру үшін "Кварцсамоцветы" геологиялық-өндірістік кәсіпорнын Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің қарамағынан "Алтыналмас" ҰАК-ның құрамына берілсін.

Мемлекеттік мүлік жөніндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік комитеті "Алтыналмас" ҰАК-на белгіленген тәртіппен "Кварцсамоцветы" геологиялық-өндірістік кәсіпорнының мемлекеттік мүлкін иелену, пайдалану мен басқару құқын табыстасын.

9. Экономика министрлігі, Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің қатысуымен нормативті белгілесін және "Алтыналмас" ҰАК-ның алтын шығарушы және ұқсатушы кәсіпорындарына алтын запасы мен алмас қорын жасауды жеделдетуге арналған қажетті материалдар, жабдықтар мен аспаптар сатып алу үшін нысаналы мақсатқа жыл сайын валюталар бөліп отыруды қамтамасыз етсін.

10. "Алтыналмас" ҰАК аппаратының тұрақ жері Алматы қаласы болып белгіленсін.

Алматы қаласының әкімі белгіленген тәртіппен "Алтыналмас" ҰАК-не әкімшілік үйін салу үшін жер учаскесін бөлсін.

11. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті "Алтыналмас" ҰАК-мен бірге республикадағы бағалы металдардың қозғалысын есепке алу жөніндегі есеп берудің нысандарын әзірлесін және оны қорғаныс кешенін қосқанда, кәсіпкерлік қызметтің барлық субъектілерінен жинауды қамтамасыз етсін.

12. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі "Алтыналмас" ҰАК-мен бірге Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін осы қаулымен сәйкестендіру жөнінде екі ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Кабинетіне ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикалық
Премьер-министрі